

Қазақстан Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшілеріне көлік, тұрғын үй-тұрмыстық, медициналық және басқа қызмет көрсету тәртібі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 3 тамыз 1993 ж. N 664. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 27 шілдедегі N 781 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшілері мен Төтенше және Өкілетті Өкілдеріне қызмет көрсетуді реттеу мен жүйелеу мақсатында және шетелдермен қарым-қатынаста олар атқаратын өкілдік функциялардың маңыздылығын ескере отырып, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Төтенше және Өкілетті Елшілер мен Төтенше және Өкілетті Өкілдер Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының Шаруашылық басқармасы және Алматы қалалық әкімшілігі арқылы тұрғын үймен қамтамасыз етіледі.

2. Төтенше және Өкілетті Елшілер мен Төтенше және Өкілетті Өкілдер және олардың отбасы мүшелері Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Емдеу-сауықтыру бірлестігінің емханасына тіркелсін.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Емдеу-сауықтыру бірлестігі Төтенше және Өкілетті Елшілер мен Төтенше және Өкілетті Өкілдерді және олардың зайыптарын санаторийлер мен демалыс үйлеріне берілетін жолдамалармен үкімет мүшелері үшін белгіленген тәртіппен қамтамасыз ететін болсын.

3. Төтенше және Өкілетті Елшілер мен Төтенше және Өкілетті Өкілдерге Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының Шаруашылық басқармасының автомобиль шаруашылығы қызмет көрсетеді деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне осы мақсаттарға қажетті ақша қаражатын бөлетін болсын. < * >

Ескерту. 3-тармағының екінші абзацы жаңа редакцияда - ҚРМК-нің 29.04.1994 ж. N 451 қаулысымен.

4. Төтенше және Өкілетті Елшілер мен Төтенше және Өкілетті Өкілдер

отбасыларымен бірге Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының Шаруашылық басқармасының тұрмыстық қызмет көрсету жүйесіне үкімет мүшелеріне қызмет көрсету шарттарына сай бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК